

Екінші деңгейдегі банктерде ішкі аудит (бақылау) ұйымдастыру тәртібін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басқармасының 1998 жылғы 5 маусымдағы N 112 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 14 тамызда тіркелді. Тіркеу N 571. Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 30 қыркүйектегі N 359 қаулысымен.

Ескерту: Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 30 қыркүйектегі N 359 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қарандыз) .

Екінші деңгейдегі банктер қызметінің нормативтік құқықтық негізін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ :

1. Екінші деңгейдегі банктерде ішкі аудит (бақылау) ұйымдастырудың қоса берілген тәртібі бекітілсін және ол Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енгізілсін.

2. Заң департаменті (Өртембаев А.Қ.) Банктік қадағалау департаментімен (Жұмағұлов Б.Қ.) бірлесе отырып, осы қаулыны және Екінші деңгейдегі банктерде ішкі аудит (бақылау) ұйымдастыру тәртібін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркесін.

3. Банктік қадағалау департаменті (Жұмағұлов Б.Қ.) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап екі апта мерзімде осы қаулыны және Екінші деңгейдегі банктерде ішкі аудит (бақылау) ұйымдастыру тәртібін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің филиалдарына және екінші деңгейдегі банктерге жіберсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары М.Т. Құдышевке жүктелсін.

Ұлттық Банк

Төрағасы
Қазақстан
Ұлттық
1998

Республикасы
Банкі
жылғы
5

Басқармасының
масымдағы

БЕКІТІЛГЕН

ЕКІНШІ ДЕНГЕЙДЕГІ БАНКТЕРДЕ ІШКІ АУДИТТИ (БАҚЫЛАУДЫ) ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕЖЕСІ

Осы ереже банк заңдарының талаптарына сәйкес банк қызметінің халықаралық стандарттары ескеріле отырып әзірленген және екінші деңгейдегі банктерде (бұдан әрі - банктер) ішкі аудитті (бақылауды) ұйымдастыру шарттарын айқындайды.

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Банктегі ішкі аудит (бақылау) жүйесінің (бұдан әрі - ішкі бақылау) негізгі мақсаты банк қызметкерлерінің заңдарды және кәсіптік қызметтің стандарттарын сақтауын бақылауды ұйымдастыру, банк жүргізетін операциялардың сипаты мен ауқымына сәйкес келетін тиісті дәрежедегі сенімділік деңгейін қамтамасыз ету және банк қызметінің тәуекелін азайту арқылы банктің, оның кредиторлары мен клиенттерінің заңды мүддесін қорғау болып табылады.

2. Ішкі бақылау жүйесін ұйымдастырған кезде, банктер осы ереженің талаптарын және қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерін ескеруге тиіс.

Ескерту: 2-тармаққа өзгертулер енгізілді - КР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2005 жылғы 26 наурыздағы N 116 қаулысымен .

3. Банктегі ішкі бақылау мыналарға бақылау жасауды қамтамасыз ету мақсатында құралады :

1) банктің операцияларды қолданылып жүрген заңдардың талаптарына, сондай-ақ оның саясатына және банктің уәкілетті органы бекіткен тиісті нормативтік құқықтық актілермен (бұдан әрі - ішкі құжаттар) баянды етіліп, белгіленген рәсімдеріне сәйкес жүргізу;

2) банктің қолданылып жүрген заңдардың талаптарын орындау;

3) қолданылып жүрген заңдарда көзделген есеп пен есеп берудегі жүргізілген банктика және өзге де операциялардың уақытылы, дұрыс, толық және дәл көрсетілуі ;

4) банкте оның активтері мен пассивтерін басқарудың тиімді жүйесін құру;

5) банк қызметінің тәуекелін басқару және оны азайту мониторингін жүзеге асыру ;

6) заңсыз жолмен алынған кірісті заңдастыруға жол бермеу.

4 - 1 0 . < * >

Ескерту: 4-10-тармақтар алынып тасталды - КР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2005 жылғы 26 наурыздағы N 116 қаулысымен .

11. Банктегі ішкі бақылау әкімшілік, қаржылық және техникалық бақылауды жүзеге асыру арқылы жүргізіледі.

Әкімшілік бақылаудың мәні операцияны банктің тек тиісті ішкі құжаттары мен ресімдері уәкілеттік берген адамдарының (қызметкерлерінің) жүргізуін қамтамасыз ету болып табылады.

Қаржылық бақылаудың мәні операцияны қолданылып жүрген заңдарға, сондай-ақ банктің операция жүргізу және қызмет көрсету тәртібі мен шарттарын реттейтін ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес жүргізуді, сондай-ақ оларды есепте және есеп беруде дұрыс көрсетуді қамтамасыз ету болып табылады.

Техникалық бақылаудың мәні бағдарламалық қамтамасыз етуді қоса алғанда банктің операцияны ойдағыдай орындауын қамтамасыз ететін компьютерлік және басқа техникаға қол жеткізу мүмкіндігін шектеуді қамтамасыз ету болып табылады.

2-тaraу. Банкте ішкі бақылауды жүзеге асырудың негізгі шарттары

12. Банкте ішкі бақылаудың тиімді жүйесін жүзеге асыру үшін мынадай шарттарды орындау қажет:

1) ішкі бақылауды біріктірілген негізде (филиалдарды, өкілдіктерді, еншілес банктерді қоса алғанда) жүзеге асыруға мүмкіндік беретін жүйе құру;

2) ішкі бақылауды реттейтін банктің ішкі құжаттарын өзірлеу және бекіту;

3) бухгалтерлік есептің стандарттарына және ішкі бақылаудың мақсаттарына сәйкес келетін бухгалтерлік есеп ұйымдастыру;

4) тәуекелді басқару және оларды азайту жүйесін құру, сондай-ақ тиісті іс-шаралар жоспарын өзірлеу;

5) түрлі деңгейдегі ақпаратқа (құжаттамаға) қол жеткізу мүмкіндігін шектеу жүйесін құру.

13. Банктегі ішкі бақылауды қажетті құқықтық реттеу мақсатында уәкілетті орган банктің ішкі ережелерін және банктің операция жүргізу жөніндегі жалпы шарттары туралы ережелерді, сондай-ақ мынадай мәселелер бойынша банктің ішкі құжаттарын өзірлеуге және бекітуге тиіс:

- банкте ішкі бақылауды ұйымдастыру;

- банктің ішкі бақылау қызметі;

- банктің ішкі кредит саясаты;

- өтімділік, кірістің ең аз деңгейі, активті және пассивті операцияларға арналған лимиттер, қарсы әріптер бойынша шектеулер, сондай-ақ банктің активтері мен пассивтерін басқаруды жүзеге асыруға қатыстырылған адамдардың жауапкершілігі мен өкілеттігі туралы мәселені қоса алғанда банктің активтері мен пассивтерін басқару стратегиясы мен ресімдері;

- банктегі бухгалтерлік есеп саясаты;

- коммерциялық және қызметтік құпия болып табылатын құжаттардың, мәліметтердің және ақпараттың тізбесін, сондай-ақ оны беру, айырбастау және сақтау тәртібін белгілеу.

14. Ақпаратты қорғаудың тиімді жүйесін құру үшін банкте мынадай іс-шаралар орындалуға тиіс:

1) коммерциялық және қызметтік құпияны сақтаудың қажетті шарттарын жасау;

2) түрлі деңгейдегі коммерциялық және қызметтік құпияға банктің қызметкерлерінің қол жеткізу мүмкіндігін шектейтін лайықты жүйе құру;

3) банктің қызметкерлерімен коммерциялық және қызметтік құпияны жарияладамау туралы жазбаша келісім жасасу.

Банктің ішкі бақылау қызметі жоғарыда аталған іс-шаралардың орындалуына бақылау жасауға тиіс.

3-тaraу. Банктің ішкі бақылау қызметін үйімдастыру және оның қызметіне қойылатын талаптар

15. Ішкі бақылау қызметінің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1) банктің қолданылып жүрген заңдарда көзделген банктік және өзге де қызметін жүргізуі мен жүзеге асыруын реттейтін ішкі құжаттарды қабылдауына бақылау жасау;

2) банктің құрылымдық бөлімшелері жүзеге асыратын іс-қимылдар мен операцияларды жоспарлы түрде және жоспардан тыс ұдайы тексеруді үйімдастыру;

3) банк қызметкерлерінің қолданылып жүрген заңын және банктің ішкі құжаттарының талаптарының орындауын тексеру;

4) банк қызметінің тәуекелін басқаруға және мониторингін жүзеге асыруға бақылау жасау;

5) банктің құрылымдық бөлімшелерінің және жекелеген қызметкерлерінің жұмысындағы барлық байқалған тәртіп бұзушылық және кемшілік туралы банктің басшылығы мен байқаушы кеңесіне хабарлап отыру;

6) банктің құрылымдық бөлімшелерінің банк қызметін реттейтін мемлекеттік органдардың бұйрықтарын, сондай-ақ банк басшылығының нұсқаулары мен өкімдерін орындауына бақылау жасауды жүзеге асыру;

7) банктің банктік, коммерциялық және қызметтік құпияға жататын мәліметтерді сақтау жөнінде шара қолдануына бақылау жасау;

8) банктің басқа құрылымдық бөлімшелерінде байқалған кемшіліктер мен тәртіп бұзушылықты жою, сондай-ақ банк қызметін жақсарту және оның тиімділігін арттыру жөнінде нақты іс-шаралар тізбесін көрсете отырып, банк басшылығына ұсыныс жасау.

16. Ішкі бақылау қызметінің өкілеттігіне мыналар жатады:

1) банктің құрылымдық бөлімшелері жасайтын іс-қимылдың және операцияның қолданылып жүрген зандардың және банктің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес келуін жоспарлы түрде және жоспардан тыс мерзімді тексерулер жүргізу жолымен анықтау;

2) банктің тиісті құрылымдық бөлімшелерінен коммерциялық және қызметтік құпия болып табылатын кез-келген құжаттаманы, мәліметті және ақпаратты алу;

3) банктің өкілетті органдары шығаратын барлық құжаттарының банктің жалпы саясатына, ішкі бақылаудың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келетіндігіне сараптама жүргізу;

4) банктің кез келген үй-жайына кедергісіз кіру (кіруге шек қойылған үй-жайларға банк басқармасы төрағасының жазбаша рұқсатымен кіру);

5) қажет болған жағдайда ішкі бақылау міндеттерін шешу үшін банктің басқа құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлерін тарту;

6) банктің басшылығына өзінің қызметтік міндеттерін бұзған банк қызметкерлерінің міндеттерін орындаудан шеттету немесе тиісті негіз болған жағдайда банктің (оның құрылымдық бөлімшесінің) кейбір операцияларды тоқтатуы қажеттігі туралы хабарлау.

17. Ішкі бақылау қызметі өзінің жұмысында банктің жарғысын, банктің ішкі бақылауы мен ішкі бақылау қызметін ұйымдастыру туралы ережелерді, сондай-ақ банк қызметін реттейтін басқа да ішкі құжаттарды басшылыққа алып отырады.

18. Банктің ішкі бақылау қызметі банктің дербес құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

19. Ішкі бақылау қызметінің басшысын банктің байқаушы кеңесімен келісе отырып, банктің басқармасы тағайындаиды және ол банк басқармасының төрағасына тікелей бағынады.

Ішкі бақылау қызметінің басшысы бір мезгілде банктің басқа бөлімшелерін басқаруға (жетекшілік етуге), сондай-ақ кредиттік комитеттің және банктің басқа органдарының мүшесі болуға құқылды емес.

20. Ішкі бақылау қызметінің басшысы мен қызметкерлері жоғары білімді болуға, шаруашылық жүргізу және банк зандары жөнінде білімдар болуға, сондай-ақ өздері атқаратын міндеттердің сипатына сәйкес кәсіптік дағдысы мен біліктілігі болуға тиіс.

21. Ішкі бақылау қызметі туралы ережеде мыналар міндетті түрде көрсетілуге тиіс:

- 1) ішкі бақылау қызметінің құқықтары мен міндеттері;
- 2) банк қызметінің тәуекелін азайтуды басқаруды және мониторингін жүзеге

3) ішкі бақылау қызметінің банктің басқа құрылымдық бөлімшелерімен өзара ықпалдастып әрекет ету мәселелері;

4) заңсыз жолмен алынған кірістерді зандастыруға жол бермеу мәселелері.

22. Ішкі бақылау қызметі ішкі құжаттарда көзделген басқа міндеттерді орындаудан басқа өз жұмысы барысында істелген жұмыс туралы банктің байқаушы кеңесі алдында есеп береді.

23. Банк қызметкерлері өздерінің қызметтік міндеттерін жүзеге асыру барысында заңсыз жолмен алынған кірістерді зандастыруға жол бермеу бөлігіндегі зан талаптарын осы ережені ескере отырып сақтауға тиіс.

Банк қызметкерлері ішкі бақылау қызметіне мына мәмілелер (операциялар) тұралы х а б а р б е р у г е қ ү қ ы л ы :

1) шығу көздерін растайтын құжаты жоқ 5 млн. теңгеден астам кез келген (депозит, кредит, банктің сатып алғынған бағалы қағаздары түріндегі) түсім;

2) 1 млн. теңгеден астам сомаға жасалған кез келген қолма-қол ақша түрінде
төлеңген мәміле;

- 3) корпорациялық бағалы қағаздармен жасалған алыш-сатарлық операциялар;
- 4) қаржылық құралдарды талап ету құқын құжатталмаған негізdemесіз қайта

5) күмәнді сипаттағы басқа операциялар немесе мәмілдер

4 таралу. Корытынды арежепер

4 тарап. Қарындың болжелер

24. Банкте ішкі бақылаудың болмауы немесе ішкі бақылау қызметінің осы Ереженің шарттарын ойдағыдай орынданамауы банктің жалпы қаржылық жағдайын бағалауға, оның ішінде "CAMEL" рейтингтік бағалау жүйесі бойынша бағалауға әсер етеді.

25. Осы Ережемен бекітілген талаптарды бұзғаны үшін қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті орган банктерге қолданылып жүрген банк заңдарында көзделген ықпал етудің шектеулі шараларын немесе санкция қолдануға құқылы.

Ескерту: 25-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2005 жылғы 26 наурыздағы N 116 қаулысымен .

26. Осы Ережемен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасы зандарының нормаларына сәйкес шешілуге тиіс.

Төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК